

Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 160 "2022-2024 жылдарға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 24 маусымдағы № 265 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 160 "2022-2024 жылдарға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1– тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 34237,5 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2438,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 143,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 31656,5 мың теңге;

2) шығындар – 36154,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде,

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатып алудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1916,5 теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1916,5 теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1916,5 теңге.";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының "2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын:

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 60 000 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге;

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 180 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 37 389 теңге.";

Мынадай мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. Ауылдық округтің 2022 жылғы арналған бюджетіне аудандық бюджеттен 1236,5 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық
мәслихатының 2022 жылғы 22
маусымдағы № 265 шешіміне
қосымша

Шалқар аудандық
мәслихатының 2021 жылғы 27
желтоқсандағы № 160 шешіміне
1 қосымша

2022 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	34237,5
1			Салықтық түсімдер	2438,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2036,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	32,0
		3	Жер салығы	4,0

		4	Көлік құралдарына салынатын салық		2000,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар		402,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер		402,0
2			Салықтық емес түсімдер		143,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		143,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		143,0
4			Трансферттердің түсімдері		31656,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		31656,5
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		31656,5
II. Шығындар					36154,0
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	32721,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	32721,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32721,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	32619,0
				Мемлекеттік органның	

			022	күрделі шығыстары	102,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3432,4
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	600,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	600,0
			007	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	600,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	2832,4
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2832,4
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1459,9
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	512,5
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	860,0
15				Трансферттер	0,6
	1			Трансферттер	0,6
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ	0,6

			әкімінің аппараты	
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,6
			III. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-1916,5
			IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1916,5
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1916,5
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1916,5
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1916,5